



# Сыр бойы

№122  
(20196)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12 тамыз, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

2 Дара тұлғаға тағзым



3 «Даму» жаңа жобаларға жол ашты



4 Ойын алаңдары ойлантуы тиіс



5 Ғылымнан шырақ жаққан ғұмыр



## ● ПРЕЗИДЕНТ



### Жеті айдың есебі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Банк төрағасы Ерболат Досаевтың есебін тыңдады.

Онда биылғы 7 айдағы ақшанесие саясатын іске асырудың алдын ала қорытындылары баяндалды.

Ұлттық Банк төрағасы Президентке коронавирустың жаңа толқынының таралуына байланысты Халықаралық валюта қорының әлемдік экономиканы қалпына келтіру қарқыны мен қаржы нарықтарын түзетуге қатысты болжамдарды қайта қарағаны жөнінде ақпарат берді.

Әңгімелесу барысында әлемдік экономиканы қалпына келтіруде инфляция мен инфляциялық болжамдар басты кедергі екені атап өтілді. Мемлекет басшысына еліміздегі инфляцияның жылдам өсу себебі (2021 жылғы шілдедегі қорытынды бойынша – 8,4%) және инфляцияны тұрақтандыру мақсатында Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі (9,25%-ке дейін) көтеру туралы шешімі жөнінде мәлімет берілді.

Ерболат Досаев карантиндік шектеулер кезінде іскерлік белсенділікті біртіндеп қалпына келтіру, Ұлттық Банктің алтын-валюта қоры мен Ұлттық қордағы қаражаттың жағдайы, сондай-ақ, зейнетақы активтері өсімінің оң динамикасы туралы да баяндалды.

Президентке төлем балансының ағымдағы шоты туралы айтылды. Алдын ала мәліметтерге қарағанда, бірінші жартыжылдықта экономикалық белсенділіктің артуы мен тұтынушылық импорттың өсуі салдарынан 1,7 миллиард АҚШ доллары көлемінде тапшылық қалыптасқан. Әңгімелесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қордың активтерін сақтауға және арттыруға ерекше назар аударып, Үкіметпен бірлесіп инфляцияны тұрақтандыру бойынша тиімді шаралар қабылдауды тапсырды.

### Министр мәлімдеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министрі Алексей Цоймен телефон арқылы сөйлесіп, еліміздегі коронавирустың индетіне қарсы қабылданатын жаңа шаралар жөнінде есебін тыңдады.

Министрдің айтуынша, елордада индетті жұқтырушылар саябырлап, эпидемиологиялық жағдай тұрақталып келеді. Дегенмен, соңғы аптада Қазақстанда ауру жұқтырғандардың саны 10%-ке артқан.

1 тамыздан бастап елімізде индеттің таралу индексі 1,11-ден 1,01-ге дейін азайып, 9 процентті құрап отыр. Нұр-Сұлтан қаласында коронавирустың таралу индексі 1 бірліктен төмендесе, Алматыда 19%-ке азайған.

Бүгінгі таңда аймақтардағы 328 медицина нысанында 55 658 науқас емделіп жатыр. Республика бойынша ауруханалардағы төсек-орындардың 54%-де, жансақтау бөлімдерінің 45%-де науқастар ем қабылдауда.

Алексей Цойдың айтуынша, қазіргі таңда 5,9 миллион адамға коронавирусқа қарсы вакцинаның бірінші компоненті салынып, екпе алатын тұрғындардың 59%-н құраған. 4,5 миллион адамға екпенің екінші компоненті салынып, екпе салынатын тұрғындардың 45,2 проценті қамтылған.

## ● ҮКІМЕТ

# МЕЗГІЛДІҢ АУҚЫМДЫ МІНДЕТІ

Күні кеше өткен Үкімет отырысында ағымдағы маңызды деген мәселелер талқыға түсті. Әрине, бүгінгі өткір ахуал – елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, Ақтөбе облысының әкімі Ондасын Оразалин, кәсіпкерлік субъектілерінің «Ashyq» жүйесімен қамту туралы «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нариман Әбілшайықов айтып берді.

Қазақстандағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай біртіндеп тұрақталып келеді. Вирустың репродуктивтік индексі 1,01 құрайды. Еліміз бойынша қазірге дейін 5,9 млн-ға жуық адам вакцинаның бірінші компонентін, шамамен 4,5 млн адам екінші компонентін алған.

Үкімет басшысы Аскар Мамин осы тамыз айында вакцина салу жоспарының орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл барлық өңірге тән, әсіресе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облыстарында күшейтілуі тиіс. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары мен Қарағанды облысы да эпидемиологиялық жағдайды бақылаудан шығармауы керек. Премьер-Министр атап өткендей, маска тағу режимін сақтау, карантин талаптарын бұзу-

шыларды жауапкершілікке тарту, мониторингтік топтардың жұмысын ширата түсу аса маңызды болып қала береді.

«Ashyq» жүйесіне қатысатын кәсіпкерлік субъектілерінің саны үнемі артып келеді. Олардың саны 5 есеге – 21 мыңнан 101 мыңға дейін өсті. Бұл бизнеске өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан «Ashyq» қосымшасының қолданылу аясын одан әрі кеңейту қажет», — деді А. Мамин.

### ӨНІРДЕ ДЕ ӨСІМ БАР

Үкімет отырысында, сондай-ақ, осы жылдың қаңтар-шілдегі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әсет Ергалиевтің айтуынша, аталған мерзімде Қазақстан экономикасы жедел қарқынмен қалпына келе бастады. «Осы есепті кезеңде негізгі трендтер бойынша нақты сектордағы динамикалық және тұрақты өсу, қызмет көрсету секторындағы динамикалық жеделдеуі, өндіріші емес секторлардағы инвестицияның жоғары өсуі, сауда балансының оң сальдосының сақталуы байқалауда. Нақты сектор экономиканың орнықты даму факторы болып отыр. Осы жылдың қаңтар-шілдеінде нақты сектордағы өсім 3,6%-ке дейін жеделдеді. Іскерлік белсенділік қызмет көрсету саласында 2,0%-ке дейін өсті», — деді министр. Жалпы салалар арасында



ақпарат және байланыс, құрылыс, сауда, сумен жабдықтау, өңдеу өнеркәсібі, электрмен жабдықтау жоғары өсім көрсеткен. Сондай-ақ ауыл шаруашылығында да ілгерілеу бар. Ал, 7 экономикалық көрсеткіш бойынша өңірлер арасында жалпы жағдай мынадай сипатқа ие: барлық 7 көрсеткіш бойынша 4 өңірде – Алматы, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында өсім бар. 6 көрсеткіш бойынша 9 өңірде осы қалыптасқан. Олар – Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы. 5 көрсеткіш бойынша 3 өңір, ал 3 көрсеткіштен Батыс Қазақстан облысы тұр.

### ДӘСТҮРЛІ ОҚУҒА ТАС-ТҮЙІН ДАЙЫНДЫҚ КЕРЕК

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Үкімет отырысында және бір пысықтаудан өткен мәселе – осы.

Биыл елімізде 3,4 млн-нан астам, оның ішінде 1 сыныпта 380 мыңнан астам бала мектепке барады. Оқу дәстүрлі форматта жүргізіліп, вакцина салдырған мұғалімдер жұмысқа жіберіледі.

Осы кезге дейін республикада педагогтардың 93,1%-і және білім беру мекемелерінің өзге де қызметкерлерінің 88,4%-і вакцина салдырған. Осы ретте Үкімет басшысы оқушылар мен

педагогтардың қауіпсіздігі үшін ұйымдастыру мәселелерін барынша тездету қажеттігін ескертті. Тиісті министрліктер мен өңірлер әкімдіктеріне жаңа оқу жылында мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында, сонымен қатар колледждер мен жоғары оқу орындарында оқуды штаттық режимде қамтамасыз ету тапсырылды. 25 тамызға дейін медициналық қарсы көрсеткіштері бар адамдардан басқа, педагогтар мен техперсоналға вакцина салу 100% қамтамасыз етілуі, 20 тамызға дейін мектептерді санитариялық талаптарға сәйкес (кварантеу, дезинфекция, маска режимі, күнделікті термометрия және т.б.) қабылдау аяқталуы тиіс. «Ashyq» жүйесі барлық білім беру ұйымдарында енгізіледі.

## ● ЕКПЕ АЛ!

### 9 күнде 1827 жағдай

Облыс орталығында модульдік аурухана жұмысын бастады. Емдеу нысанының құрылысы пандемия жарияланғаннан кейін жүргізілген еді. Алғашқы науқастарды қабылдай бастаған медициналық мекеме 200 орынға арналған.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Қазір облыста эпидемиологиялық жағдай күрделі. Өңір «қызыл» аймақта. Маусым айында облыста вирус 541 адамнан анықталса, шілдеде 3387 адам науқастанған. Ал, тамыздың тоғыз күнінің өзінде 1827 жаңа жағдай тіркеліп отыр.

– Индеттің бұлайша қарқын алуы «Дельта» штамының таралуына да байланысты. Жаңа штамм 60 есе тез жұғады, инкубациялық кезеңі қысқа. Науқастанған адамдардың көбінде дерт қазір симптомды түрде өтіп жатса, өткен жылы бұл ауру көбіне симптомсыз түрде кездескен еді. Облыс бойынша инфекциялық стационарда 1314, реанимациялық төсек-орында 94 науқас ем қабылдап жатыр. Сонымен қатар 1800-ге жуық тұрғын үйінде емделуде. Қазір облыс бойынша 138 мобильді бригада бар. Олардың міндеті – үйінде емделіп жатқан пациенттерді бақылап, кеңес беру және оларға қажетті дәрі-дәрмекті апарып көмек көрсету. Сондықтан жағдайы орташа жеңіл науқастар үйінде емделеді, — деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шаймбетов.

Аймақта 1 ақпаннан бастап, екпе егу жұмыстары басталған болатын. Бүгінде коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның 1-компонентімен екпе алғандар саны 244 мыңнан асса, толық курсынан өткендер саны 185 мыңнан асты.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Жангелді Мырзагелдіұлы ұжымдық иммунитетті қалыптастыру арқылы ғана индетті жеңуге болатынын атап өтті.

– Қазір екпе алмағандардың басым бөлігі – зейнет жасындағы тұрғындар. Саяқты шараларына сәйкес шектеу жасалғанымен, той, ас беру жиындары әлі де өткізіліп жатыр. Үлкендер мұндай отбасылық жиындардан қалмай, қатысуда. Сондықтан вирус жұқтырып, инфекциялық стационарда емделіп жатқан науқастардың көбі – зейнеткерлер. Үлкендерді де белсенді түрде вакцина алуға шақырамын, — деді ол.

Сондай-ақ, тұрғындар екпені қабылдаған соң, яғни бірінші кезеңі мен екінші кезеңі аралығында сақтанып жүру керекін атап өтті. Себебі, иммунитет ағзада 14-45 күн аралығында ғана толықтай қалыптасады.



## Орман – қорған

Жалпы облыстағы жер көлемі 226 мың шаршы шақырым болса, бұл Қазақстан аумағының 8,3 процентін құрайды. Ал аймақтағы орман қоры – 6 млн 672 мың 968 гектар. Мамандар осылай дейді. Айтпақшы, мұның өзі үшке бөлінеді. Облыстың тікелей өзіне қарасты мемлекеттік орман мекемелерінің жері 6 млн 509 мың 717 гектар. Ал республикалық «Барсақалмас» мемлекеттік табиғи қорығының жері 163126 гектар болса, Қазақстан темір жолына қарасты 125 гектар жер бар.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»



## ● ЕГІН – 2021

### Күріштің суы тартыла бастады

Тамыз айының ортасына таяп қалдық. Демек, Сыр диқандары үшін шешуші маусымның басталар шағы келеді. Қазір бидай, жоңышқа ору жұмысы қызу жүргізілуде. Тауа күндері күрішке де орақ түседі.



Диқандар биыл да су тапшылығын айқын сезінді. Тығырықтан шығудың түрлі амалдары жасалып, егінді ортарапандандыру өріс алды.

Қазір күріштің суын тарту қарекеті басталып кетті. Биыл барлық егілген 83,6 мың гектар күріштен бүгінгі күнге 11,1 мың гектарының суы байланған.

Су демекші, 9 тамыздағы жағдай бойынша «Шардара» су қоймасында 1,1 млрд текше метр ғана су бар. Оған жоғарыдан секундына бар болғаны 73,3 текше метр су түседі.

Биыл өңірімізде барлығы 188,1 мың гектарға егін егілді. Оның ішінде 96,6 мың гектары дәнді, 6,7 мың гектары майлы, 66,4 мың гектары мал азықтық, 18,3 мың гектары картоп, көкөніс-бақша дақылдарын құрайды. Күріш көлемі азайтылғанымен, жалпы егіндік өткен жылмен салыстырғанда 3,9 мың гектарға артық игеріліп отыр.

Қазіргі уақытта ескі жоңышқаның екінші орымы аяқталуда. Орта өнім – гектарына 23,5 центнерден. Ал, 6677 гектар күздік бидай толығымен жиналып, 14,4 центнерден өнім айналды. Сондай-ақ, жаздық бидайдың 3917, арпаның 334 гектарына орақ түсіп, жаздық бидайдан 3592, арпадан 290 тонна өнім алынған.

Мамандар есебінше, күріш егісінің 75 проценті жақсы, 20% орта, 5% нашар деп бағаланып отыр.

«СБ» ақпарат



10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

ДАРА ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ



10 тамыз – Абай күні. Осы орайда, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда қаласындағы «Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар» мектепке барып, Абай ескерткішіне арнайы гүл шоғын қойып, тағам етті. Шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев қатысты.

Өткен жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті. Ұлы ақынды ұлықтау арқылы халқымыздың ұлттық қадір-қасиетін, рухани-адамгершілік құндылықтарын, әдебиетіміз бен мәдениетімізді әлемге тағы бір қырынан танытудамыз. Жас ұрпақ Абай мұрасын оқу арқылы тәлім мен тәрбие, ізгілік пен адалдық қасиеттерін бойына сіңіруде.

Осы орайда облыстың мәдениет ұйымдарында онлайн форматта түрлі мәдени-танымдық шаралар өткізілуде. Атап айтсақ, «Абай әлемі» атты ардагерлердің облыстық өнер фестивалі, «Көзімнің қарасы» атты облыстық өнер байқауы, «Ұлы халықтың – ұлы Абайы» атты әдеби музыкалық кеш, «Абай әлемі» атты Абай әндерінен қасиеттерін бойына сіңіруде.

концерт. «Кеменгерліктің биік шыңы Абай» атты көркемөз оқушылардың аудандық байқауы, «Абай – дана, Абай – дара қазақ!» атты поэзия сағаттары, облыс кітапханаларында «Ұлы даланың ұлы ойшылы», «Шын Хәкім, сөзің асыл – баға жетпес», «Ұлы Абай – ұлттық болмысымыздың айнасы», «Абай жаққан шамшырақ» тақырыптарында кітап көрмелері, әдеби жыр кештері ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, облыстық филармонияның «Қорқытсазы» қобызшылар ансамблі мен дәстүрлі орындаушылардың «Абай аманаты», облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен Сыр еліндегі жыр мектептерінің шәкірттері мен ұстаздарының қатысуымен «Абай жырлары – Сыр мақамдарында» атты концерттері мереке мазмұнын байыта түсті.

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана қызметкерлері мен барлық облыс кітапханашылары Абай шығармаларын жас ұрпаққа дәріптеу мақсатында тамыз айының 3-нен бастап «Абайды оқы, халықпа!» тақырыбында оқу челленджін өткізді.

Абай күніне арналған шаралар барлық мәдениет ұйымдары, басқарманың әлеуметтік желідегі парақшалары, «Сыр шаңырағы» Youtube каналына жарияланды.

Атап оту қажет, өңірдегі 4 білім беру ошағына, 86 көшеге Абай есімі берілген. Қызылорда қаласындағы Назарбаев даңғылының бойында орналасқан аллеяға Абай есімі беріліп, оның кара сөздері тасқа қашалып жазылған. Ал, Абай ауылындағы мектеп ауласына биікті, «Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар» мектебінің ауласына ескерткіші орнатылған.

Тың жобалар жүзеге асырылады

Кеше Жастар ресурстық орталығында «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі «Еуразия» қоры өкілдігінің қайтарымсыз көмек бағдарламасы аясында «Орталық Азиядағы әлеуметтік инновация» бағдарламасы, АҚШ халықаралық даму агенттігінің қаржыландыруымен «15» экологиялық ҰЕҰ клубы» жобасы аясында жиын өтті.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Жобаның мақсаты – облыстағы экологиялық бағыттағы үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру арқылы әлеуметтік диалогты ұйымдастыру. Аймақтың экологиялық мәселелерін талқылау мен шешімдер қабылдауда тиімді әрекеттестікке қол жеткізу, өңірдегі экологиялық проблемалармен айналысатын негізгі мамандар, ұйымдар мен мекемелер туралы мәліметтер базасын құру.

Бұл ретте 1000 мемлекеттік қызметші өкілдерінің арасында Қазақстанда қолданылатын экологиялық стандартты реттейтін нормативтік құқықтық актілер, экологиялық бағдарламалар бойынша біліктілігі мен құзыреттілігін анықтау үшін сауалнама жүргізу көзделіп отыр.

Жиында «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігі «Өңірлік ҰЕҰ әлеуетін және олардың шөлейттенуге қарсы күреске

қатысуын арттыру арқылы жергілікті экологиялық жағдайды жақсарту» жобасы ұсынылып, жан-жақты тусіндірілді. Жоба аясында қаланың 15 шақырым аумағына жыл сайын жиыңғыл мен сексеуіл көшетін отырғызу қолға алынууда. Ол үшін студенттер, оқушылар мен жастарды тарту көзделген. Бұл туралы Анар Ізден жобаның міндеті мен атқаратын жұмысына орай кенінен әңгімеледі. Осы жобаға қатысты ұсыныс-пікірлер талқыланды.

Сондай-ақ, шара барысында «Өрлеу-Консалтинг» ҚБ-ның «Энергия тиімді технологияларды қолдану» және «Арал теңізі» қоғамдық қорының «Пластик, пластмасса, қағаз және картон бұйымдарын кәдеге жарату және өңдеу» мен «Қамыстыбас» қоғамдық бірлестігінің «Балық қорын қоғамдық басқару» жобасы туралы пікірлер айтылды.

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

Қызылорда жастарына «Smart box»



«Халықаралық жастар күніне» орай аймақта 50-ге жуық шара карантиндік талаптарға сай ашық аспан астында және онлайн форматта өткізілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Азамат Мүкеев айтып берді.

9 тамызда жастар арасындағы интеллектуалдық сайыстар басталып, шаралар легін спорттық жарыстармен жалғау жоспарланған. Одан әрі әртүрлі тақырыптардағы семинар-тренингтер мен байқаулар, экологиялық акциялар өткізіледі. Маусым айында бастау алған «Сыр дарыны» шығармашылық байқауы да осы мереке қарсаңында қорытындыланады.

Мәселен, Жалағаш ауданында «Coworking» орталығы мен спорт кешені өз жұмысын бастады. Ал қалалық жастар ресурстық орталығы жанынан заманауи би залы ашылды. Бұл нысандар жастарымыздың белсенділігін одан әрі арттыруға икепалын тигізеді деген сенімдеміз, – деді ол.

Брифингте «Сыр үміті» жастар қауымдастығының жыл басынан бері атқарған жұмыстары туралы аталған ұйымның атқарушы

директоры Талғат Тілес толығырақ баяндап, халықаралық жастар күніне жоспарланған шаралар мен алда жүзеге асар жарқын жобаларды сөз етті.

Қауымдастық қазіргі қалыптасқан жағдайға байланысты барлық шараларды онлайн форматта өткізбек. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай ұйым қала жастарына арналған «Smart box-ты» қолданысқа беруді жоспарлап отыр.

«Smart box» – жастардың түрлі жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік сыйлайтын жаңа орта. Бұл жерде жастардың тегін интернетті пайдаланып, әртүрлі жанрдағы кітаптарды электрондық форматта оқуына барлық мүмкіндіктер жасалады. Заманауи техникамен жабдықталған «Smart box» әзірге қала орталығына қойылады. Егер жоба өз тиімділігін, жағдайға қажеттілігін дәлелдесе шет аймақтарды да қамтуға жұмыс істейміз, – деді қауымдастықтың атқарушы директоры.

Сонымен қатар ол аймақ жастары арасында «Жастар жобаларының хақатоны», «Облыстық студенттер фестивалі», «Ақыл battle» сынды жобаларды өткізу жоспарға енгендігін жеткізді.

АРАЛМЕН БІРГЕМІЗ!

Көмек жалғасуда

Қуаныштықтан зардап шегіп отырған Арал ауданының Райым ауылына престелген 300 дана жоңышқа шөбі жөнелтілді.



Бұл шараны «Nur Otan» партиясы Шиелі аудандық филиалы «Керделі» бастауыш партия ұйымына қарасты «Жиделіарық» партиялық тобының жетекшісі Ерлан Әбілдішев ұйымдастырды. Берекелі іске «Жиделі-1» шаруа қожалығы, ерікті азаматтар мен қоғам белсенділері қолдау білдірді.

Жалпы, атап оту керек бұған дейін облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі, облыстық партия филиалы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Мағжан Ералиевтің қолдауымен «Jas Otan» ЖҚ бастамасымен басталған «Аралмен біргеміз!» акциясы аясында 1000 дана жоңышқа пресі жөнелтілсе, қуаныштық қыспаққа алған аралдықтарға жалағаштық партияластар да қол ұшын созды.

«СБ» ақпарат

Жаңғыру жолы

Жігерлі де білімді жастар аз емес. Кеше олардың бірқатары 12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай ұйымдастырылған «Рухани жаңғыру» – Сыр жастарының құндылық бағдары» атты жиынға қатысып, ұсыныстарын ортаға салды.

Алдымен «Рухани жаңғыру» ЖҚР мекемесінің директоры Уалихан Ибраев рухани кемелденудің маңыздылығы, осы бағыттағы әлем елдерінің тәжірибесі туралы сөз қозғады. Мұнан кейін «Сыр үміті» жастар қауымдастығының атқарушы директоры Талғат Тілес ақпарат майданында жастарға бағыт беретін институттың маңызы өте зор екенін жеткізді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында бірнеше бағыт ұсынылды. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы

және сананың ашықтығы. Қазір жастардың басым көпшілігі тарихқа келгенде тереңдей алмай, қарапайым сұрақтардың өзіне мүдіріп жатады. Сондай-ақ, қоғамдық орындардағы мәдениеттіліктің төмендігі, табиғатты ластану, адамдардың бір-біріне деген шектен тыс агрессиясы, масылдық көзқарастың артуы байқалады, – деді ол.

Еркін пікір алмасуда мәселелер айтылып қана қоймай, шешу жолдары да ұсынылды. «Qo-syl» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Сабыржан Кеңшілік мектептерде рухани

жаңғыру бағыттары оқушының танымына, деңгейіне лайықты түрде тусіндірілуі үшін, арнайы видео ресурстар дайындалып, тәрбие сағатының үлгісі таныстырылуы керектігін атап өтті. Ұлттық бұйымдар әзірлейтін, ұлттық құндылықты сақтауға мүдделі кәсіпкерлерге қайтарымсыз грант беруде басымдықтар керек. «Jas Otan» ЖҚ филиалының төрағасы Медет Жорабек атап өткендей, жастарды ұлттық құндылыққа баулуға атқа мініп, садақ тартудан бастап тәрбие құралын күшейту керек. Ол үшін арнайы орындар қажет.

Жиын соңында белсенді жастарға бағдарламаның жүзеге асуына қосқан үлестері үшін «Алғыс хат» табыс етілді.

«СБ» ақпарат

КӨКЕЙКЕСТІ

Суға кеткен бала көп жағажай мәселесі қашан жөнделеді?

Шілде шықты, әйтсе де суға шомылу маусымы әдеттегідей қарбаласқа толы. Әсіресе, аптап ыстықта көпшілік өзен-көлді жағалап, суға түсуге арналған орындарда адам қарасы көп.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Жекелеген орындардың жарнамасы да жер жарып тұр. Бағасы, қызметі, бәрі-бәрі көрсетілген. Байланыс телефонын теріп, алдын ала тапсырыс беріп қоюға да болады. Олардың көпшілігі қала іргесінде орналасқан. Дегенмен, баға қандай? Халыққа қолжетімді ме? Балаларға қандай жеңілдік бар? Сарапқа салып көрген едік. Қайрат Темірұлы – көпбалалы шаңырақтың отағасы. Бір айда екі мәрте балаларын суға түсу орындарына апаралы екен. Әйтсе де бағаның қалтаға салмақ салатынына қынжылады.

– Біршама уақыт бұрын қала іргесінде орналасқан кешеннің біріне бардық. Үлкендерге 2000 теңгеден төледік. Ал, 3 жаспан асқан балаларға 1500 теңгеден алды. Кіру ақысының өзіне біршама қаражат жұмсалды. Оның үстіне тағамдары да қымбат. Әжептәуір шығындылып қайттық. Негізі мұндай орындардың өзі санаулы. Барының қызметі қымбат, ал жағажайдың жағдайы көптің көңілінен шықпайды. Сонан келіп дария бойын жағалайды. Каналдар мен жабайы су айдындарына түсушілер көп, – дейді ол.

Бұл сөздің жаны бар. Өйткені нақты жағдайдың сипаты осы. Ең қиыны қайғылы оқиғаның жиілеуі алаңдатады. Деректерге жүгінейік, қазіргі таңда елімізде шомылуға рұқсат берілген 469 орын болса, оның 300-ге жуығы жекеменшік екен. Жалпы, Қазақстанда 50 мыңнан астам су айдыны бар. Шомылу маусымы алдында елімізде 48 жылжымалы құтқару бекеті қойылған. Демалыс орындарында арнайы дайындықтан өткен мамандар бақылау жұмыстарын жүргізеді. Бұл қауіпсіздік үшін. Ал, рұқсат етілмеген аумаққа суға түсу дағдыға айналып барады.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Саид Молдақараев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте суға түсу маусымы басталғалы жағдай мез емес екенін айтты. Адамдардың суға кетуі дерегі алаңдаушылық тудыруда. Тиісті мамандардың атқарып жатқан жұмысына қарамастан облыста жыл басынан бері 35 оқиға тіркеліп, 40 адам қаза тапқан. Өкінішке қарай, оның 21-і

бала. Былтыр 22 адам суға кетсе, оның 7-і бала еді. Билығы көрсеткіш үрейінді ұшырады. Аптап ыстықта өзен-көлді, дария жағасын жағалағандар азаяр емес. Судан құтқарушылардың ескертуіне құлақ аспайтындар да көп. Салдары мынау: оқыс жағдай, қыршың кеткен балалар.

Жедел-құтқару жасақ басшысының орынбасары Мейрамбек Доспенбетовтің айтуынша, қала аумағында суға шомылуға рұқсат етілген 2 жағажай бар. Олар «Сыр самалы» және Белкөл кентінде орналасқан «Абай» жағажайы. Қазіргі таңда Эдельвейс саяжайының жанында орналасқан коммуналдық жағажайдың құрылысы жүріп жатыр. Десе де, бұл тұрғындар үшін

жеткіліксіз. Сондықтан көпшілік жабайы жағажайларға түсуге мәжбүр көрінеді.

– Облыста суға түсуге арналған жағажай санаулы ғана. Жақында қала іргесінде орналасқан бір жағажай пайдалануға беріледі. Қазір суға түсу маусымы. Бала тұрмақ, үлкендердің өзі суға түсіп, бой сергітуге әуес. Әсіресе, балалар ата-ананың бақылауысыз суға түсіп, соңы қайғылы жағдаймен аяқталуда. Осы мәселеге келгенде біздің де өз айтар ұсынысымыз бар. Жалпы, жағажайлар көмелет жасына жетпеген балаларға тегін қызмет етуі тиіс. Сонда суға кеткен бала саны азаяр еді. Мәселен, мынадай жағдай орын алған. Бір топ бала жағажайға суға

түсуге барады. Кассадағы бағаны көріп суға түсуден бас тартады. Себебі, қымбат. Әлгі балақайлар қалтасындағы ақшасына сусын мен тағамын алып, каналға беттейді. Рұқсат етілмеген аумаққа суға түседі. Ол аудан аумағында орналасқан су айдындарында тұрғындарға, әсіресе жастар мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күнделікті рейдтік шараларды күшейткен. Әсіресе, кешкілік мезгілде және демалыс күндері адам қарасы қалың болатынын ескеріп, тексерісті тоқтатып жатқан жоқ. Алайда, олардың ескертуін елеулігіндер аз. Қысқасы, суға түсу маусымы мен оның аясындағы ахуал биыл тіпті күрделеніп тұр. «Сақтықта қорлық жоқ» дегенді ұмытпайық.



● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

**Қызылордалық кәсіпкерлер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қолдауымен жаңа өндіріс орындарын ашып, халық тұтыныатын тауарлар шығаруда. Сол сияқты қолда бар кәсіпорындарын кеңейтіп, өндірісті өркендеті отырып, жергілікті тұрғындарды жаңа жұмыс орындарымен қамтуда.**

**Сп Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»**

Кәсіпкерлерге бизнеспен, өндіріспен айналысуға даңғыл жол ашып берген «Даму» қорының аймақтық филиалы бизнесі қолдау мен дамыту бағдарламалары шеңберінде қолдау тауып, нақты нәтижеге қол жеткізген бірқатар кәсіпорындарға баспасөз туры ұйымдастырды.

бастап ет сатумен айналысса, араға тоғыз жыл салып кәсібін кеңейтті. Ет өнімдерін өзі өндіруге шешім қабылдап, ол үшін 2019 жылы «Ресей жинақ банкі» арқылы 30 млн теңге несиеленді. Қанаты қатайған кәсіпорында 30-дан астам адам жұмыс істейді. Кәсіпкер аймақтағы сауда

ласқан болатын. Орын тапшылығы туындаған соң жаңа ғимарат салынды. Қазіргі таңда бұл жерде 852 бала білім алууда. Сондықтан тағы да жаңа мектеп салуға тура келді. Алдағы күркірейекте 500 орындық жаңа мектеп іске қосылады, – дейді мектеп директоры Рауш Әлиева.

Мектеп барлық талаптарға сай жабдықталған. Робототехника кабинеті, бірнеше спорт залы, би залы, бассейн, интерактивті тақталар, асхана бар. Оқушылар үшін домбыра, би, қолөнер, шахмат, дзюдо және робототехника үйірмелері ұйымдастырылған. Сондай-ақ ораторлық шеберлік бойынша жаңа

# «Даму» жаңа жобаларға жол ашты

Өрине, қордан қолдау тапқан жұмыстардың бәрін аралап шығу мүмкін емес. Дегенмен, «жаксыны – көрмекке» демекші, осы шара барысында көптеген кәсіпорындардың аталған қордан нақты көмек алып, өз істерін дөңгелетіп отырғанына куә болдық. Солардың бірі – еліміздегі күрші өндіруші үш жетекші мекеменің бірі, ауыл шаруашылығы саласында қарқынды дамып келе жатқан компания «Абал және К» ЖШС-ның «Сапа» брендімен іске қосылған ауызсу желісі.

«Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасына алғашқылардың бірі болып 2011 жылы қатысқан компания күрші саудасын бастап, өз егістігінде күрші өсіруді, оны өз зауытында өңдеуді қолға алды. Күрші өндірісін ғана емес, бизнесіңді басқа салаларын да үнемі талдап отыратын компания 2017 жылдан жаңа өндірісті іске қосып, қор қолдауымен дамытуда.

– Ауызсу өндірісін қаржыландыруды «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ арқылы «Бизнесің жол картасы – 2020» бағдарламасымен алдық. Несие бойынша пайыздық мөлшерлемесі жылдық үстемесі 14%, оның 7%-ін мемлекет субсидиялайды. Мұнда қазір екі өндірістік цех жұмыс жасап тұр. Онда күніне 25-30 куб су

орындарына тұшпара, фарш, тефтель, фрикаделька, котлет тәрізді жартылай дайын өнімдер өткізіп отыр.

– Бүкіл өңір бойынша жұмыс істейміз. Мұздатылған, тартылған ет нарығының 60%-тен астамын, аптасына мыңнан астам сауда нүктелерін қамтып отырмыз. Компаниямыз жабық сақтау қоймаларын, ең қуатты мұздату қондырғыларын пайдаланады, – дейді кәсіпорынның атқарушы директоры Газиза Тұрар.

«Keremet-ET» сауда белгісі – аймақ бойынша тиімді тарату жүйесіне ие. Кәсіпорын 2019 жылы цех құрылысын салу бойынша «Басым жобаларды несиелендіру механизмі» бағдарламасымен, биыл айналым қаражаттарын толықтыру жобасы бойынша «Бизнесің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында қордың кепілдігін алып, пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау түріндегі қолдау арқылы бизнесін дамытуда.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласында мемлекет пен жеке бизнестің тығыз ынтымақтастығы нәтижесінде 4 жеке мектеп жұмыс жасауда. Солардың бірі – «Orda School» мектебі. Мектептің даму стратегиясына сәйкес ауқымды кеңейтіп, бүгінде балалар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған 700

үйірме өз жұмысын бастайды.

Дарья Жанұзақова 2018 жылы өз кәсібін ашқан. Нарықты талдап, демалыс пен ойын-сауық арқашан сұранысқа ие болатынын білгеннен кейін, кәсіпкер 2020 жылы өз жер телімінде «EcoVillage» сауықтыру кешенінің құрылысын бастаған.

Құрылыс биыл «Бизнесің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылған. Қор қолдауының арқасында жылдық 6% мөлшерлемесімен несиеленді. Бұл кәсіпкер үшін үлкен жеңілдік, қолдау болды, алдағы ісіне нық сенім, серпіліс берді.

– Қазір «Ashyq» жүйесіне тіркелгендіктен шектеу шараларына байланысты қиындықтар жоқ. Жайлы демалыс үшін отбасымен келіп жатқан қала тұрғындарына қызмет көрсетудеміз, – дейді кешенінің құрылтайшысы Жасұлан Әбуов.

Жұмысын бастағанына бір айдан асқан кешен үш түрлі қызмет ұсынады: монша, бассейн, SPA. Қазір мұнда 7 монша, 226 шаршы метр бассейн мен 3 SPA кешені жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ, кешенде орыс моншасы үлгісімен қарағайдан салынған 11 ағаш үйі бар.

«Дамудың» стратегиялық міндеті – микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуға ұлғайту. Бұл ретте кәсіпкерлікті несиелендіруді қолдаудың «Бизнесің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде, қор облыс кәсіпорындарына несиемен жалпы сомасы 103,8 млрд теңге болатын 2641 жоба бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қаржылық қолдау көрсетті. Оның ішінде биыл 12,9 млрд теңгеге 1036 жоба қолдау тапқан.

– Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау шарттары бойынша, кәсіпкерлерге жоба несиесінің пайыздық мөлшерлемесін төмендетуге, соған сәйкес ай сайынғы төлемдерін төмендетуге мүмкіндік беріледі. Осы бағдарлама аясында жалпы сомасы 29,3 млрд теңгені құрайтын «Даму» қорының кепілдіктерін 1614 жоба алды. Биыл 9,93 млрд теңгеге 779 жоба қолдау тапты, – дейді қордың Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалы директорының орынбасары Айдос Жылқайдаров.

Ішкі нарық шарттары бойынша кәсіпкерлер жобаның қажетті көлеміне дейін қаржыландырылуға немесе қор кепілдіктері есебінен несиеленуіне мүмкіндік алады.

Қор қарапайым заттар экономикасы бағдарламасы басымдыққа ие жобаларды несиелеу механизмі негізінде бағдарламаның басым бағыттары бойынша жоба өнімдерін, белгілі бір тауарларды шығаруда «кепілдік» және «субсидиялау» құралдарымен қолдау көрсетеді. Айталық, субсидия бойынша соңғы 3 жылда 2,858 млрд теңгенің 29 жобасы, кепілдік беру құралы бойынша жалпы несиеленуіне 1 млрд 230 млн теңге болатын 12 жоба қолдау тапты.

Иә, кәсіпкер айналысатын деген азаматтарға түрлі мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар арқылы қолдау көрсетіледі. Соның негізінде облыс кәсіпкерлеріне жеңілдетілген пайызбен несиеленуге, өзге де қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндіктер жетерлік. Қай жағынан алып қарасақ, қор қолдауының ұтымды тұстары баршылық. Тек соны белгіленген заң аясында, үлкен сеніммен, табандылықпен іске асыра білу қажет. Ал ондай іскер адамдардың аймақ бойынша саны бүгінгің өзінде аз емес.

● БІЛІМ

# ҰБТ: Үздік түлектер қалай дайындалды?

ҰБТ оқушы түгелі оқытушы мен ата-ананы алаңдататын қиын сынақ екені рас. Білім гранты бірден бұйырмайды. Сондықтан талапкердің тест десе қобалжытқыны, ата-аналардың баласы 11-сыныпқа көшкенде ғана релетіруге ідейтіні рас. Мазалаған бір сұрақ: «Қалай дайындалу керек, қай орталықта оқытқан дұрыс?» Уақыт жақындағанда әбігерге түсіп, жақсы мұғалім мен мықты кітап ізден кететіндер көп. Сондықтан биыл ҰБТ-да жоғары балл алған түлектерге хабарласып, тәжірибесімен бөлісуін сұрадық.

**Сп Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»**

Елнұр Хамзин – ұлттық тесттен 140 балл алған №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының түлегі. SAT (ЭсЭЙТи-CAT) халықаралық стандартталған тест сертификаты бойынша SAT балдары Білім және ғылым министрлігі бекіткен шкала негізінде ҰБТ балдарына ауыстырылып, ең жоғары нәтижені иеленді.

Елнұр жақсы көрсеткішке жету үшін күніне 7-8 сағат уақытын оқуға арнаған. Бар баланы баурап алатын Instagram мен Tik-tok білімді оқушыны «бағындыра» алмайды.

– Мектепте алдыңғы қатардағы оқушылардың бірі болдым. Лицейге оқуға түскенде нашар оқитын балаларды шығарып жібереді дегенді естіп, алғашында, шыны керек, сабақтан бас алмадым. Осылайша лицейшілік емтихандарда I орын алып, көзге түсе бастадым. ҰБТ-ға 11-сыныптың қас мезгілінен бастап дайындалдым. Себебі, ҰБТ-дан бөлек халықаралық емтихан тапсырамын деген мақсатым болды. Таңдау пәндерім – физика мен математика. Негізінен ең пайдалы деген ағылшын тіліндегі кітаптар арқылы дайындалдым. Тек жыл соңына қарай әлеуметтік желіні қолдандым. Себебі маған керекті кітаптардың бәрі электронды форматта болды. Қосымша білім беретін орталықтарға келетін болсақ, маған жеке дайындалған ыңғайлы екенін байқадым. Өйткені орталықта барлығына бірдей қарап, бірдей үйретеді. Бұл уақытымды алып, кідіретіні түсінікті болды. Тағы бір айта кетерлігі, көбісі ҰБТ-ға «Шың» немесе «Достық» кітаптарымен дайындалады. Бірақ халықаралық емтихан тапсыратын болғандықтан «Barron's book for math or physics», «Princeton book», «Erica Meltzer» секілді кітаптарды пайдаландым.

ҰБТ қазақ тілінде өтеді әрі оңай-лау, сондықтан уақытымның көп бөлігін SAT емтиханна бөлімді. Бастысы кез келген оқушы ең алдымен жыл басында бір немесе екі жылдық үлкен жоспар құрып алып, сол бойынша үздіксіз еңбек етуі керек. Бүкіл назары өзінде болып, көңіл аулайтын дүниелерден бөлашағы үшін аулақ болуға тырысуы керек, – деді ол.

Бүгінде ол Нұр-Сұлтан қаласындағы Astana IT University-не «ақпараттық қауіпсіздік» мамандығы бойынша құжат тапсырды. Осы орайда Елнұрдан SAT емтихан туралы да сұрадық.

– SAT (scholastic assessment test) – ағылшын тілінде тапсыратын халықаралық емтихан. Оның Sat subject және Sat reasoning деп аталатын екі түрі бар. Мен екеуін де тапсырдым. Sat subject-те екі немесе үш профильді пән таңдайсың. Оның әрқайсына 1 сағат қана уақыт береді. Өр пән бойынша сұрақтар санының ең азы 50-ден басталады. Ал, Sat reasoning ағылшын тілін және логиканы тексереді. Ол оқу, грамматика, логика деген үш бөліктен тұрады. Егер бұл емтиханды сәтті тапсырсаң, шетелге оқуға түсе аласың. Себебі, шетелдің көп университеттері осы емтиханның

сертификатын талап етеді және ҰБТ-дан босатады, – деді Елнұр Хамзин.

Күрделі емтиханда 136 балл жинаған Дильназ Алматыда да бастысы уақытты дұрыс пайдаланған. Оның ойынша, айға, күнге жоспар құрып, ойға алған жұмысқа тиянақты болу керек.

– Сабақты тек 5-ке оқимын деген мақсат қойған жоқпын. ҰБТ-ға дайындықты 10-сыныпта бастадым. Таңдау пәнім физика мен математика болды. Әлеуметтік желілерге қызықпадым десем де болады, есесіне әр айға мақсат қоятынмын. Айталық, I айда мынадай физика кітаптарын оқимын, мынаша тарауды оқып бітпегенім деген секілді. Тестке 7-11 сынып аралығындағы мектеп оқулықтарым ғана дайындалды.

Сондай-ақ, 11-сыныптан бастап «Достық» қосымша білім беру орталығында оқыдым. Себебі, олимпиадада I орын алып, осы орталықтың I жылдық курсына жіберілдім. Қазір оқушыларға қолайлы, бұрынғыдай емес, ұлттық тестті 4 рет тапсыра алады. Мұндайда ең бастысы сенім керек. Өзім ҰБТ тапсыратын күнді асыға күттім, – деді ол.

Қазір Дильназ Абай атындағы педагогикалық институтына құжат тапсырған. Болашақта ол физика пәнінің мұғалімі болғысы келеді.

Ал, Шиели ауданындағы №45 «Ақ орда» мектеп-гимназиясының түлегі Сымбат Асылбек білім сынағында 138 балл жинады.

– Білім сынағына дайындықты 10-сыныпта бастадым. Таңдау пәндерім – қазақ тілі мен әдебиеті. Бес пәнге күн сайын уақыт бөліп дайындалдым. Айталық, таңғы уақытты тарих пәні мен математикалық сауаттылық, түстен кейінгі уақытты таңдау пәндерім мен оқу сауаттылығына арнадым. Күн ара сынама тест тапсырған жөн деп ойлаймын. Бірақ ескере кететін жайт, дайындықты бастар-бастамастан тест тапсыруға болмайды. Себебі, сол пән бойынша түсінік қалыптасуы тиіс. Уақытты жоспарлауға байланысты «Potatogo» әдісін пайдаландым. 25 минут оқисың, 5 минут демаласың. Осылайша 50 минут еш нәрсеге көңіл аудармай, пайдалы жұмыс істеуге болады. Әлеуметтік желіге қызығушылығым болмады деп айта алмаймын. Бірақ алға қойған мақсатқа жету жолында бұл кедергі болмауы тиіс. Білім беру орталықтарының курсына қатыспадым. Тек математикалық сауаттылықтан онлайн курсқа тіркеліп, білімімді жетілдірдім. Тиімді әрі сапалы курсты ұйымдастырған танымал оқытушы Орынбасар Бақытұлы болатын. Көбіне тест кітапшаларымен дайындалдым. Ал, әдебиет пәнінен Қанат Қайырбайдың «көк кітабына» тапсырыс бердім. Үлкен көмегін тиісіндей, – деді ол.

Байқағанымыздай, біз тілдескен түлектер өзге талап қоя білген. Оны уақыт жоспарлап, әлеуметтік желіге қызықпауынан аңғардық. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш бір жылдық емес, он жылдық оқу мен тиянақтылықтың нәтижесі екенін түсіндім.



шығарамыз. Өнім түрлері 0,5-7 литр аралығында. Қажетті шикізаттың барлығы дерлік отандық өнімдер, – дейді серіктестіктің ауызсу өндірісі бойынша атқарушы директоры Нариман Әбжанов.

Нақты кезеңде цех 20 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Олар алдағы күркірейек айынан бастап өндіріс ауқымын ұлғайтып, тәтті сусындар шығаруды да қолға алмақ.

Өңірде «Keremet-ET» брендімен танымал жартылай дайын өнімдер сұранысқа ие. Қала тұрғыны Айдос Алменов бұл кәсіпті 2014 жылы бастаған. Кәсіпкер 2008 жылдан

орындық жаңа ғимаратта білім алууда. Мектеп құрылтайшысы – «Білім шама-шырағы» ЖШС. Жас ұрпаққа сапалы білім беруді бағыт еткен серіктестік 2002 жылдан бері жұмыс істейді.

2019 жылы мектеп құрылысы үшін компания «Жобаларды несиелеудің басым тетігі» бағдарламасы бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қордың қолдауымен «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның облыстық филиалына қаржыландыруға өтінім берген.

– Мектеп 2017 жылы ата-аналар сұранысына сәйкес құрылған. Ол кезде 300 орындық ғимаратта орна-

● ӨНІР ӨНІМІ

# «Қазалы» конфеті

Өткен жолы сыныптастармен кездесуге сырт өңірлерден келген достар мен ұстаздарға қадесей дайындауда аздап тосылыққырап қалдық. Кенет «Қазалы» конфеті санамызға сарт еге талсын. Усынысты бәрі қызу қолдадық. Конфет цехының егесіне жолығып, шаруамыздың мәнісін айттық.

Тапсырысымыз жедел әрі сапалы орындалды. Осылайша әсем безендіріліп, жинақы қорапшаға салынған «Қазалы» конфеті қолымызға тиді. Сондағы мақтанш өз өнімдіміздің кәдеге жарағаны еді.

**Сп Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»**

Сол «Қазалы» конфетінің тарихы ертеден басталады. Алғашқыда қарабайыр тәсілмен өзге ұлт өкілдері шығарыпты. Кеңес өкіметі тұсында кірпіш зауытының кондитер цехында дайындалған тәттіні Мәскеу телеарнасының күлкіге айналдырғанын көгілдір экраннан көрген шығарсыз. Десе де, сол кездің өзінде Қазалының конфетіне сұраныс мол болатын. Ал конфетке қажетті қоспалар Украина, Ленинград,

Мәскеуден жеткізіліп тұрды. Кеңес одағы ыдырауымен конфет шығару жайы да тоқырауға ұшырады. Жұмыссыз қалған мамандар жан-жаққа тарап кетті. Дәмі тіл үйірген тәтті көзден ұшты.

Уақыт өте келе Фатима Қазбергенова есімді жеке кәсіпкер осы шаруаны қолға алды. Оған іргелі әулеті түгелдей қолдау көрсетті. Жұмысқа білікті де байыры мамандар тартылды. Ақыры конфет шығару қайта жанданды. Өрине, талай рет



қиналуға тура келді. Фатиманың сауда саласында жинаған мол тәжірибесі кәдеге жарайды. Кәсібі алға басты. Елге танылды. Санаулы адаммен бастаған конфет цехы ұлғайды. Қосымша дүкен, нан цехын ашты.

Қазіргі таңда Нұрбек Қазбергенов анасының жолын жалғастырып, конфет цехына башылық жасайды. Ал Фатима – шаңырағының ұйытқысы, немерелерінің абзал әжесі.

Нақты кезеңде жеке кәсіпкер конфет өнімдерін шығарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосуда. Кәсіпкер мемлекеттік бағдарлама аясында несиеленді. Оған конфет өнімдерін өндіретін заманауи құрал-жабдықтар алып,

цех жұмысын кеңейткен. Цехта «Қазалы» конфеті өнімдерінің жалбыз (ашы), барбарис, саломка (бор көмпит), ала көмпит және өзге де түрлері шығарылып, 7 адам еңбек етеді.

Аталған цех – аймақтағы тәтті көмпит түрлерін дайындайтын автоматтандырылған жалғыз кәсіпорын. Қазіргі таңда карантин талаптарын сақтай отырып, күніне конфеттің 8 түрінен 500 келі өнім әзірленеді. «Саломка», «Барбарис», «Маусым», «Қазалы» көмпитіне сұраныс жоғары. Дайын өнімдер Қызылорда мен Ақтөбе, Орал, Ақтау, Атырау облыстарына жөнелтіледі. Өзге облыстардан да сұраныс бар. Айта кетерлігі, өткен жылдың маусым айынан бастап «Қазалы» көмпиті өнімдері жаңа үлгідегі қаптамада шығарылууда.

Қазалы қаласы.



### Бір түп сексеуіл 100 тонна құмға бөгет

Бізге орман алқаптарын қорғайтын 8 мекеме бар. 378 орманшы қызмет атқарады. Міндеті – өңірдегі орман мен тоғайлы жерлердегі бар қорды мүмкіндігінше сақтау, пайдалану, қосымша оны өсіру.

Аралдың тартылуы облыстағы экологиялық жағдайды



## ОРМАН – ҚОРҒАН

құрт нашарлатып жібергені баршаға аян. Теңіз табанынан ұшқан құмды дауыл тонналаған уытты тұз бен шаңтозанды ауаға таратып, барлық тіршілікке кері әсерін тигізді. Бір ғана мысал, суы құрғаған аймақтан ұшқан құмды дауыл ұзыннан 400, көлденеңнен 40 шақырымға дейін жетеді екен. Шанды дауылдардың радиусы 300 шақырымды қамтып тұр. Мамандардың есебіне, теңіздің құрғаған ұлтаны 4,5 млн гектар. Осыныша гектардың 2,2 миллионы Қазақстан аумағында деп көрсетілген. Аз жер емес. Бұлай құрғақ аймақтың тұз басып, шөлейтті жер аумағын көбейткені былай тұрсын, ондағы тіршілік иелеріне жағымсыз әсерін берері анық емес пе?! Жануарлар мен өсімдіктердің көбеюіне қарсы мұндай факторларға бірден-бір амал не болар екен?!

– Қоршаған ортаны ұшқан тұз бен құм көшкіндерінен сақтау үшін теңіз ұлтанына сексеуіл, сарсазан, қарабарак сияқты галафитті өсімдіктер көптеп отырғызылу керек. Тәжірибе осыны дәлелдеп отыр. Бір нәрсе белгілі, сексеуілдің бір түбі 10-нан 100 тоннаға дейін құмды бөгеп, ұстай алады, – дейді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының орман және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бөлімінің басшысы Айбек Жолаканов.

Айбек айтып отырған жұмыс өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасында басталған еді. Қазақ орман ғылыми-зерттеу институты ғылымдары ұсынған бұл жоба 1993 жылға дейін жалғасты. Сол уақытта 54 мың гектардан аса құрғаған теңіз ұлтанына

біздегі барлық орман мекемелері жұмылдырылды. Солардың күшімен сексеуіл, сарсазан, жыңғыл егілген. Еңбектің нәтижесі жоқ емес. 20,7 мың гектар сексеуіл, 11,7 мың гектар сарсазан, 1,5 мың гектар жыңғыл табиғи көбею деңгейіне жеткен.

### 60 600 гектар немесе қаржы ұйымдарынан келген көмек

Жоғарыда айтқан орман отырғызу жұмыстары 1994 жылы тоқтап қалды. Басты себеп – қаржының болмауы. Араға 7 жыл салып, теңіз орнына сексеуіл егіле басталды. 2001 жылдан бастап бөлінген қаржы көлеміне қарай теңіз ұлтанына жылына 2,5 мың гектарға дейін сексеуіл егуге мүмкіндік жасалды. Осы уақыт аралығында жергілікті бюджет есебінен барлығы 60 600 гектар жерге сексеуіл шыбықтары отырғызылыпты. Санамалап айтсақ, 2002-2005 жылдары – 2000, 2006 жылы – 2100, 2007-2009 жылдары – 2500, 2010-2012 жылдары – 2600, 2013 жылы – 2700, 2014-2018 жылдары – 5000, ал 2019-2020 жылдары 4000 гектар жерге орман қорын көбейту жұмыстары жүрген.

Бұл сандық көрсеткіштерге тартылған қаржы жергілікті бюджеттен еді. Ал осы орман шаруашылығына қатысты, әсіресе, теңіздің экологиялық жағдайы халықаралық ұйымдарды да тыныш жатқызабаған еді. Табиғатқа, соның ішінде әлем көз тіккен Арал қасіретіне олар да қаржылай қолдау көрсетті.

Мысалы, 2004 жылы Аралды құтқару қоры арқылы 1100 гектар жерге шөлге шыдамды өсімдіктер отырғызылды. Ал 2005-2006 жылдары Германия техникалық серіктестігі арқылы 1250 гектар жерге көшет егу жұмыстары жүрді.

Сол сияқты Оңтүстік Корея республикасы орман қызметінің қолдауымен «Қазақстанның биоалуандылығын сақтау қоры» арқылы Аралдың құрғаған бөлігінің 30 мың гектарына зерттеу жүргізілген еді. Нәтижесінде орман мелиорациялық екпелер егу жобалары қолға алынды. Соның арқасында

2018 жылдың қараша айында 5000, 2019 жылдың наурыз айында 5800 гектар жерге сексеуіл көшеттері егілді. Ал бытыр 2500 гектар болатын аумаққа жергілікті табиғатқа төзімді тағы да осы өсімдік отырғызылған. Бұдан бөлек, тағы бір жоба 2008-2014 жылдар аралығында жүрді. «Республика көлемінде ормандарды сақтау және өсімін молайту» деп аталатын жоба аясында теңіз табанының 47337 гектарына көшет егіліп, 10 мың гектардан астам жерге сексеуіл тұқымы себілді.

### Төрт жылда 177 миллион көшет

Шөлді аймақта отырған біздің облыс үшін орман шаруашылығының орны ерекше. Тарихқа сәл шегініс жасасақ, өңірдегі осы сала 1934 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық агро орман шаруашылығының құрамынан бөлініп шыққан. Өз алдына бөлек құрылған облыстағы шаруашылық саласына биыл 87 жыл толды.

– Тәуелсіздік алғалы 30 жылда Қазақстан үшін, сондай-ақ дүниежүзілік шөлейттенумен күрес үшін үлкен маңызы бар Аралдың құрғаған ұлтанында көп еңбек атқарылды. Әсіресе, өзімізге қарасты жерге құм көшкініне тосқауыл максатында 195 мың гектар жерге сексеуіл егілді. Оның ішінде соңғы 5 жылда орман алқабына 55 мың гектар ағаш көшеттері отырғызылды. ҚР Президентінің 2020 жылғы Жолдауында көрсетілген, мемлекеттік орман қоры жерлерінде 2 млрд ағаш егу тапсырмасына сәйкес, 2021-2025 жылдары аралығында аймақта 177,5 миллион түрлі көшет отырғызу жоспарға енді. Бұл жұмыстардың бастамасы ретінде биыл 1000 гектар жерге 1,8 млн сексеуіл көшеті де егілді. Осы жылдың қараша айында барлық орман мекемелері арқылы 13300 гектар жерге сексеуіл тұқымын себу жоспарланып отыр, – дейді инспекцияның бөлім басшысы Айбек Жолаканов.

Бөлім басшысының айтуынша, бұл жұмыстар үздіксіз жалғаса бермек. Қазір өзіміздегі уақытша орман тұқымбақтарының көлемі 100 гектарға ұлғайтылуда. Ал орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын жарактандыру үшін қазынадан 250 млн теңге бөлінген.

## Ойын алаңдары ойлантуы тиіс

Облыс орталығында 815 көпқабатты үй, 210 аула бар. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, соның 140-тан астамы спорт және ойын алаңдарымен қамтылған. Өткен жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 30 ойын алаңы пайдалануға берілген.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»



Ал, биыл жергілікті бюджет есебінен I категориялы 20 ойын алаңының, II категориялы 5 ойын алаңының құрылысы жүруде. Балалар ойын алаңқайлары, шағын футбол алаңдарымен және жаттығу құрылғыларымен қамтылады. Жәуапаны мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы ретінде ҚР ПМ-нің Қылмыстық атқару жүйесі комитеті қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің «Ең-тамасы ретінде биыл 1000 гектар жерге 1,8 млн сексеуіл көшеті де егілді. Осы жылдың қараша айында барлық орман мекемелері арқылы 13300 гектар жерге сексеуіл тұқымын себу жоспарланып отыр, – дейді инспекцияның бөлім басшысы Айбек Жолаканов.

Бөлім басшысының айтуынша, бұл жұмыстар үздіксіз жалғаса бермек. Қазір өзіміздегі уақытша орман тұқымбақтарының көлемі 100 гектарға ұлғайтылуда. Ал орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын жарактандыру үшін қазынадан 250 млн теңге бөлінген.

Жалпы ойын алаңдары мен өзге де серуендік нысандарда ата-ана балаға жауапкершілікті ширатып тұрмасқа болмайды. Айталық, қала тұрғыны, зейнеткер Бибігүл Токтамасова жұртшылық көп жиналатын «Ағау city mall» ойын-сауық сауда орталығы маңындағы түрлі-түсті жарықпен безендірілген фонтанда балалардың ерсілі-қарсылы жүгіріп, суда тапжылмай тұрғанын көрген. «Бұлай тұрмандар, қауіпті» деген ескертпесіне баланың анасы келіп, «Бала өзімдікі, өзіміз білеміз» деп жауап қатқанына қынжылады. Шынында, ойыннан от шығатынын бала түгіл кейбір ата-аналар да ескере бермейтіні өкінішті. Несін жасырайық, жуырда Алматы қаласында орын алған оқыс жайт көпке ой салуы тиіс. Алматы циркі маңындағы фонтанда аяғын суға салған екі кішкентай қыз бен оларға жанұшыра көмекке келген анасын тоқ тартып, өмір мен өлімнің арасында қалғаны, оларды сол маңда жүрген Абылай Балапанов есімді студенттің құтқарғаны жайлы хабар әлеуметтік желілерде желдей есті. Біз бұл мысалды әлдекімің бойына үрей билету үшін емес, сақтық сана-сурет салып кететіні бар. Ал, мұны өшіру қиын, сырт келбеті бүлінеді. Төмпештен орындық опырылып, қоршауы жұлынған жайт та кездескен.

Облыстық полиция депар-

таментінің мамандары бұзақылыққа жол бергендер құрыққа түсіп, жазаланатынын да айтады. Кейінгі кезде қала әкімдігі жергілікті полиция алаңдарымен бірлесіп, күресті күшейткен. Майысып, жарылып, морт сынып, нәтижесінде балғындар денсаулығына қауіп туғызатын құралдарды ретке келтіру де назардан тыс қалмауда. Жақында әлеуметтік желіде «Сыр Ана» монументінің қасындағы ойын алаңында жаттығу құрылғылары бүлінгені туралы мәселе көтерілді. Жауапты мамандар іле-шала құрылғыларды жөндеуге алған.

Жалпы ойын алаңдары мен өзге де серуендік нысандарда ата-ана балаға жауапкершілікті ширатып тұрмасқа болмайды. Айталық, қала тұрғыны, зейнеткер Бибігүл Токтамасова жұртшылық көп жиналатын «Ағау city mall» ойын-сауық сауда орталығы маңындағы түрлі-түсті жарықпен безендірілген фонтанда балалардың ерсілі-қарсылы жүгіріп, суда тапжылмай тұрғанын көрген. «Бұлай тұрмандар, қауіпті» деген ескертпесіне баланың анасы келіп, «Бала өзімдікі, өзіміз білеміз» деп жауап қатқанына қынжылады. Шынында, ойыннан от шығатынын бала түгіл кейбір ата-аналар да ескере бермейтіні өкінішті. Несін жасырайық, жуырда Алматы қаласында орын алған оқыс жайт көпке ой салуы тиіс. Алматы циркі маңындағы фонтанда аяғын суға салған екі кішкентай қыз бен оларға жанұшыра көмекке келген анасын тоқ тартып, өмір мен өлімнің арасында қалғаны, оларды сол маңда жүрген Абылай Балапанов есімді студенттің құтқарғаны жайлы хабар әлеуметтік желілерде желдей есті. Біз бұл мысалды әлдекімің бойына үрей билету үшін емес, сақтық сана-сурет салып кететіні бар. Ал, мұны өшіру қиын, сырт келбеті бүлінеді. Төмпештен орындық опырылып, қоршауы жұлынған жайт та кездескен.

Облыстық полиция депар-



1-бет

## Барды бағалай білсек

Облыстың оңтүстік аудандарына қарағанда көктемгі шұбалыққы, қысы қытымыр, жазы аптап, күзі ертерек түсетін Қазалыда жасыл желек өсіру қыруар еңбекті қажет етеді. Оған аяқсу тапшылығы, жауын-шашынның мөлшерден аз болуы, тағы басқа түйткілді қоссаңыз, ауданда жайқалтып жеміс ағаштарын, тербелтіп тал-терек, бау-бақша өсіру «инменен құдық қазғандай» екенін мойындауға тура келеді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
«Сыр бойы»

Ал осындай жағдайда Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында Үкіметке экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды нақты жүзеге асыруға кірісуді тапсыруын өте маңызды деп санаймын.

Қазалыда көгалдандыру бағытында атқарылған жұмыс жоқ емес. Көшпелер бойындағы талдар, тұрғын үйлердің ауласында егілген жеміс ағаштары көзге жылы көрінеді.

Алайда көңілге кірбін түсірген мына жайтты да жасырып қалмайын. Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығында кезінде жасыл желегі жайқалған әп-әдемі бақ болды. Мұқият қоршалып, іші мұнтаздай тазаланып тұратын, күтімі келіскен сол бақ маңайға ерекше көрік беретін.

Ал қазіргі кейпіне көңілді құлазиды. Күтім көрмеген талдардың күйі қашқан. Бір кездегі жасыл желегі



жаныңды жадыратқан бақтың іші мал жайылатын орынға айналғандай. Есесіне, тура осы жерден ірі жол құрылысы жүріп жатқандықтан, келешекте бақ өзгеріске ұшырауы

да мүмкін. Сондықтан, бір талды екі, екі талды еселей алмай отырғанда бардын бағын қашырмасак дегіміз келеді.

Қазалы ауданы

# ТҮҢҒЫШ ПРОКУРОР

Елдің өркендеуіне өз үлесін қосып, саналы ғұмырында аянбай еңбек еткен ардақты азаматтардың есімі ешқашан ұмытылмайды. Өз ісінің білгірі атанған қайраткерлердің атқарған қызметі мен ел дамуына қосқан үлесі ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала береді. Саналы ғұмырында заң саласының білікті де білімді маманы атанып, туған жердің сүйікті перзенті ретінде көпшілік алғысына бөленген тұлғалардың бірі – Сүлеймен Ескараев. Ол – өз елінің мақтаншысы. Кеңес үкіметіне қарсы және ұлтшыл деген айып тағылып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болған республиканың тұңғыш прокуроры.



Алматыдан Қызы Әлия, баласы Марат «халық жауының ұрпағы» ретінде тәрбиелейтін мекеме – балалар үйіне алынады. Сүлейменнің туған ағасы Сейдалы Маратты балалар үйінен айламен алып кетіп, ер жетуіне үлкен үлес қосты. 1957 жылы 5 қарашада Сүлеймен Ескараев ақталды.

Бүгінде Қызылорда қаласының бір көшесі Сүлеймен Ескараевтың есімімен аталады. Үкіметтің 1997 жылғы 3 желтоқсандағы №1485 қаулысына сай, облыста «Ескараевтың 100 жылдық тойы» кеңінен атап өтіліп, ол дүниеге келген Қармақшы ауданындағы №27 Жосалы лицейіне есімі берілді. Сондай-ақ, мерейтой қарсаңында Бас прокуратура жанындағы Заңдылық, құқық тәртібі проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институты Сүлеймен Ескараев есімімен аталады.

2013 жылы облыс орталығында Қазақ КСР-ның тұңғыш дербес прокуроры Сүлеймен Ескараевтың туғанына 115 жыл толуына арналған мерекелік шара кеңінен атап өтілді.

Прокуратура саласының қалыптасуында үш маңызды кезеңді атап өтуге болады. Қазақстан прокуратурасының алғашқы қалыптасуы мен дамуы 1922 жылдың 13 шілдесіндегі Қазақстан Орталық Атқару Комитеті 3-ші сессиясының шешімінен бастау алды. Содан кейін Әділет халық комиссариатының құрамында мемлекеттік прокуратура органы құрылды. Соған сәйкес Әділет халық комиссары республика прокурорының міндетін қоса атқарды. Осы сессияда «Прокурорлық қадағалау туралы ереже» бекітілді.

Прокуратураның дамуының екінші кезеңінде яғни, 1933 жылы оның өкілеттігі кеңейе түсті. Әділет халық комиссары жанында прокуратура басқармасы құрылып, дербестікке қол жеткізді. Оның тарихында тұңғыш рет прокурордың міндеттері Әділет халық комиссарынан бөлінді.

1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО өзінің жаңа Конституциясын қабылдады, сол оқиға республика үшін тарихи маңызға ие болды. Қазақстан автономиялы республикадан одақтық республикаға айналып, КСРО-ның құрамындағы тек құқықты мемлекет болды. Қазақстан 1937 жылы өзінің алғашқы Конституциясын қабылдады.

Осы сәттен прокуратураның дамуы мен ыңғайының үшінші кезеңі басталып, Әділет халық комиссарынан прокуратура толық бөлінді. Республика құқық қорғау органдарының дербес құрылымы ретінде жұмыс жасай бастады. Қазақ КСР-ның тұңғыш дербес прокуроры С.Ескараев болды.

Сол жылдың 11-ші қарашасында Әділет халық комиссары және прокуратураны бөлу туралы бұйрық шығып, республика прокуратурасы тікелей КСРО-ның прокуратура бағынатын болды.

Прокуратураға мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық және жекеменшік ұйымдары іс-әрекетінің заңдылығына, сонымен қатар жеке адамдардың, тергеу органдары, анықтау және т.б. органдары қызметін қадағалауды жүзеге асыру жүктелді.

Алайда, прокуратураның тарихында қалыптасқан күрделі жағдайларға байланысты өзінің құқық қорғау міндеттерін толық көлемде жүзеге асыра алмаған кезеңі де болды. Кеңес үкіметіне қарсы және ұлтшыл деген айып тағылып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болған сегіз арсымыз бар. Олар – Нығмет Нұрмақов, Нұртаза Ералин, Сәдуақас Мәмбеев, Жанайдар Сәдуақасов, Боран Айтмағамбетов, Қанай Боранбаев, Мырзағұл Атанязов және Сүлеймен Ескараев. Тек 1937 жылдың өзінде ғана прокуратура органдарынан 40-тан астам қызметкер негізсіз жұмыстан шығарылды, солардың бірақтары революцияға қарсы және ұлтшыл топтарға қол ұшын берді деген желеумен қамауға алынды. Бұл жаппай саяси қуғын-сүргін кезеңі еді. Осы кезеңде қазақтың қаншама зиялы азаматтары қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз атылды. Сол қысылтанып шақтың өзінде прокуратура органдарында өз жұмысына адал жандар заңдылықтың мүлтіксіз орындалуы үшін жан аямай күресіп жатты. Солардың бірі Қазақстанның тұңғыш прокуроры, белгілі мемлекет қайраткері Сүлеймен Ескараев еді.

Ол 1897 жылы 17 тамызда Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген. 1910-1918 жылдары Ақмешітте (қазіргі Қызылорда) кіріпін зауытында, темір жолда жұмыс істеп, Азамат соғысына қатысады. 1919-

1920 жылдары Ташкенттегі кеңес-партия мектебінде оқиды. 1920-1925 жылдары РК(б)П Сырдария облысы комитетінің нұсқаушысы, бөлім менгерушісі, Ташкент облысы төтенше комиссиясы бастығының орынбасары, Ақмешіт уездік-қалалық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, РК(б)П Түркістан ОК бақылау комиссиясы төрағасының орынбасары, Сырдария облысы кеңесі атқару комитетінің төрағасы, РК(б)П Сырдария облысы комитеті ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі, 1925-1928 жылдары Қазақ АКСР ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарады.

1928 жылы Кеңестер білігі тарапынан ұлтшыл ретінде айыпталып, Қазақстаннан қуылып, Орынбордағы өлкелік милиция мектебінде бастығы болады. 1930-1933 жылдары Мәскеуде Бүкілодақтық жоспарлау академиясында білімін жетілдіріп, 1933-1937 жылдары аралығында Қарағанды облысы кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 1936 жылдың ақпанында Юстиция халық комиссары және республика прокуроры болып тағайындалады.

1936 жылдың 17 сәуірінде РСФСР Юстиция халық комиссариатының кеңесінде Қазақстандағы Юстиция және прокуратура жағдайын жан-жақты тусіндіріп, мәлімдеме жасайды. Көтерілген мәселелер бойынша кенес 19 баптан тұратын арнайы қаулы қабылдайды.

Сүлеймен Ескараев аз уақыттың ішінде аса маңызды мәселелерді көтеріп, олардың оң шешімін табуға қол жеткізеді. 1937 жылдың бюджетіне Юстиция комиссариаты ғимаратының құрылысын жүргізу енгізіліп, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында ұлттық құқықтық мектептер ашылады. Қазандағы заң институтына 50 орын (ұлттық кадрлар үшін) бөлінеді. 1936 жылдың күзінде Қазақстанның өз алдына тәуелсіз прокуратурасы құрылады. Сүлеймен Ескараев Юстиция комиссариатының 1936 жылдың 17 тамызына дейін басқарады. 1937 жылы Қазақстан комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде болып, сол жылы Қазақстан компартиясының бірінші съезінде Сүлеймен Ескараевқа халық жауларымен байланысы бар деп жалған айып тағылып, съезде «Ескараев контрреволюцияшыл ұйымда болғандығын мойындады» деп хабарлаған күні жалған айыппен тұтқындалады. /207-208 бет/

Сүлеймен Ескараев алды ала тергеу барысында да және одан кейін де республика прокурорымен кездестіруді бірнеше рет сұраған екен. Оны тергеу құжаттарындағы жазылған қағаздар дәлелдейді. Бірақ барлық өтініші ескерусіз қалған. Ал КСРО Жоғарғы Сотының әскери алқасы 1938 жылғы 25 ақпанда оны атуға үкім шығарады. Сот мәжілісі бар болғаны 20 минутқа созылған. Осы санаулы сәттерде айтулы азаматтың, адамның тағдыры оп-оңай шешіле салған. Сол кездегі «Социалистическая Алма-Ата» газетінде жарияланған хабарға сүйенсек, онда КСРО Жоғарғы Соты Әскери алқасының көпшілік сессиясы өзінің жабық сот мәжілісінде 19 адамға «ұлтшыл-фашист, троцкистікшіл-бухариншілдер» деген айып тағып, оларды ату жазасына кескені айтылады. Олардың алдыңғы қатарында қазақтың арыс азаматтары Ұ.Құлымбетов, Т.Жүргенов, Ж.Сәдуақасов секілді толымды тұлғалармен бірге С.Ескараев та болады.

Жары Мауия Ескараева да «АЛЖИР»-ге айдалады.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мен «артық білімді» қажетсінбейтін, қоныртөбел тірлікті қанағат тұтып қалғандар қатарынанмын. Дегенмен, қазақ жазушылары мен ақындарын мектеп жасында адақтап шыққанмын. Сол білімім ақыры тіл мамандығына қарай жетеледі. Ал, шығыстық нәм еуропалық ескі әдебиет әлемін студент кезімде көбірек оқыған едім. Омар Хайям, Жүсіп Баласағұни, Әлішер Науаи секілді жауһарлар ішінен маған сағат алтындай өмір салтымен ерекше әсер еткен тұлға – Әбу-Райхан әл Беруни (973-1048).

Дүйсенбек АЯШҰҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

# ҒЫЛЫМНАН ШЫРАҚ ЖАҚҚАН ҒҰМЫР

Астроном, математик, географ, философ, филолог, тарихшы, этнограф, дәрігер, ақын... Қазір мен басқа еңгімеге ауысып кеткен сияқтымын ба, жоқ, мұның бәрі сол Берунидің бір бойындағы мамандық, бәлкім, дарын мен даралық десем де болар.

Бала күнімде Беруни туралы бір кино көргенмін. Кинода Ғазна билеушісі Махмұт сұлтан Әбу-Райханды бөренеге байлап, аяғының астынан от қойып өртейді. От тұтатарда сұлтан оның жанына келіп, ат үстінде тіл қатады.

– Әбу-Райхан, қып-қызыл болып кеттің ғой, айтқан өтіріктеріне ұялып тұрсың ба? – дейді. Сонда Берунидің:

– Мен қараңғы халықтың күні едім, ал, күн батырында қызармаушы ма еді? – дейтіні бар.


Шынында, осыныша ғылымды менгеріп, олардың кейбірінің негізін өзі қалап, халық санасын сәуелдендірген Әбу-Райхандай тұлға өзінде дейін де, өзінен кейін де болмаған.

Бірақ, мен оқыған әдебиеттерде Махмұт сұлтан Әбу-Райханды өлтіре алмайды. Жалпы, Махмұт сұлтанның аты тарихта қаншар, басқыншы ретінде қалса да, оның әлем әдебиеті қазынасын толтыруға жасаған еңбегі бар. Мәселен Фирдоусидің атақты «Шахнамасы» осы Махмұттың тапсырмасымен жазылған. Иран, Тәжік, ауған халқына ортақ болып саналған парсы ақынын бағалаған Махмұт оған патшалар тарихы туралы, оның ішінде өзінің жорықтары жайында жаздырмақ болған. Алайда, Махмұттың зұлымдығын жек көрген ақын шығармасында ол туралы бір де бір мақтау сөз айтады. Сондықтан ақын сұлтанның қудалауына түсіп, тіпті халық оның сүйегін де жасырын жерлерге екен.

Мұнан кейін Махмұт өзіне мадақ айтатын кітапты Беруниге жаздырмақ болады. Оған айтқанын істету амалымен алдымен тұрмысын нашарлатып, мұқтаждық құрсауына түсіреді. Сонан соң барып, ақынды дүниеге қызықтырып әрі мөжбүрлеу үшін пілге артып, алтын мен күмістен сыйлық жібереді.

Сонда Беруни: «Мен жылтыр тасқа алданып, ақындық биіктігімді аласартпаймын», – деп мол сыйлықтан бас тартқан. Солай десе де, Берунидің мәңгілік биігі ғалымдығымен қалған.

Берунидің туған жері Қарақалпақтың Қият қаласы деп айтылады. Бұл қала Хорезм мемлекетінің астана-



сы, ірі мәдениет орталығы да болған деседі. Хорезмдіктер қыпшақтармен, Еділ булгарларымен, Сібір, Қытай, Үндістан елдерімен қарым-қатынас жасап тұрған. Берунидің «Ел қоныстанған жерлердің шекараларын белгілеу және олардың арақашықтықтарын анықтау» деген кітабында Арал, Каспий теңіздері, Сырдария аймағы, Отырар мен Сауран қалалары сипатталады. Мүмкін бұл тұлғаны қазақ тілінде оқығандығымын болар, мүмкін ішкі әлемім солай қабылдаған шығар, мен үшін Беруни жақын сезіледі.

Ол заманда атақты адамдарды туған жерімен байланыстырып немесе басқа да жағдайлармен салғастырып атау дәстүрі болған. Мысалы, біз айтып отырған тұлғаның шын аты – Мұхаммед. Ал, «беруни» деген сөз ежелгі хорезмдік тілде «қала сыртындағы ауыл» дегенді білдіреді екен. Осы атау арқылы ғалымның қарапайым халық арасынан шыққандығы мезгеледі. Енді «Әбу-Райхан» қайдан қосылған? «Әбу» араб тілінде «әкесі» деген сөз болса керек, осыған қарағанда Мұхаммедтің Райхан деген қызы не баласы болған.

Беруни аса діншіл адам емес. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» дегеніндей, Әбу-Райханның дінсіздерді де қолдайтын кездері көп. Ол қарматтарды жақтаған, өйткені, олар кедей-кепшіктер мен құлдар еді. Қарматтар исламды қабылдаса да, көп жағдайда дінге қарсы шығатын. Осыған орай, Беруни де қудалау зардабын көрген. Айдауда жүріп, көп жылын Үндістанда өткерген.

Бір жағыбы, ол барған жерінің тілін тез арада түбегейлі менгеріп алатын болған. Сөйлегенде тыңдаушылары үйренген тілін оның ана тілі деп ойлаған. Ол өзі паналап барған

Үндістанның ғылыми және әдеби тілі болған санскрит тілін дәл солай меңгерген. Сонымен бірге парсы, араб, грек, тілдерін өте жетік білген. Оның мұнан басқа қанша тіл білгені туралы дерек кездеспейді, себебі Берунидің өзі ғылыми айналымда түбегейлі зерттелмеген.

Шым-шытырқы есеп ойыны шахматты ойлап тапқан үнділер математика мен астрономия ғылымдарында өшпес із қалдырған. Алайда, олар сол математика жөнінде Беруниден

үйренетін нәрсенің көп екенін мойындаған. Әбу-Райхан үйренуді ешқашан таусылмайтын ғылым деген. Өзі үнді ғылымының үздік табыстарын менгеріп, халқының тарихын, әдет-ғұрыптарын зерттеп, «Үндістан» атты әйгілі кітабын жазған. Орта Азияның, араб елдерінің, Еуропаның ғалымдары үнді мәдениетімен Беруни еңбектері арқылы танысқан. Екінші жағынан, Беруни Евклидтің негіздерін, Птоломидің Альмагестін және өзінің астрология жөніндегі кітабын санскрит тіліне аударған.

Замандастары да, одан кейінгі ғасыр оқымыстылары да Беруниді «Орта ғасыр ғылымының энциклопедиясы» деп атайды. Себебі, ғалымның жазған еңбектерінің көтерген жүгін уақыттың өзі көтере алмай, әлі сол жазып қалдырған күйінде тұрған сияқты. Оның «Бұрынғы ұрпақтар ескерткіші» атты еңбегі неше ғасыр бойы ғалымдардың зерттеу алаңы болып отыр.

Жалпы алғанда, ол 150 еңбек жазған делінеді, олардың 45-і астрономия мен математикаға арналған екен. Астрономиялық шығармаларына Беруни дүниенің гелиоцентрлік жүйесін Коперниктен 500 жыл бұрын, денелердің жерге қарай тартылуын Галилей мен Ньютоннан 600 жыл бұрын болған.

Махмұт сұлтан өлген соң оның орнына баласы Масғұт келген. Ол ғалымды сыйлап, қамқорлық танытып, құрмет көрсеткен. Осы құрметке жауап есебінде ғалым «Масғұт таблицалары» атты көлемді еңбек жазып қалдырады.

Осындай данышпан ғалым және ойшыл Әбу-Райхан әл Беруни 1048 жылы дүниеге салыпты. Оның еңбектері әлі талай ғасыр бойы адамзатқа қызмет ете берді.

## Барлық ауызсу тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 04 тамыздағы №84-НҚ, №85-НҚ бұйрығымен бекітілген «Нұра топтық су құбыры» РМК-ның «Арал» ЖКБД филиалының ауызсу-ды магистральды құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне уақытша өтемдік тарифі тұтынушылар үшін төлемексіз мөлшері 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілетінін хабарлайды.

1. Суды магистральды құбырлар және таратушы желілер арқылы қызметінің орташа босату тарифі 1 текше метрге – 452,80 тенге ҚҚС-сыз, 507,14 тенге ҚҚС-мен.
  1. Занды тұлға үшін 1 м³ ауызсуудың құны (бюджеттік мекемелер, жеке кәсіпкерлер және тағы басқа заңды тұлғалар): - 1 м³ ауызсуудың құны 507,14 тенге ҚҚС-мен.
  2. Халық үшін 1 м³ ауызсуудың құны: - Суды есепке алу аспабы бар халық үшін ҚҚС-мен 30 тенге.
  - Суды есепке алу аспабы жоқ халық үшін ҚҚС-мен 40 тенге.
2. Суды таратушы желілер арқылы қызметінің орташа босату тарифі 1 текше метрге – 325,56 тенге ҚҚС-сыз, 364,63 тенге ҚҚС-мен.
  1. Занды тұлға үшін 1 м³ ауызсуудың құны (бюджеттік мекемелер, жеке кәсіпкерлер және тағы басқа заңды тұлғалар): - 1 м³ ауызсуудың құны 364,63 тенге ҚҚС-мен.
  2. Халық үшін 1 м³ ауызсуудың құны: - Суды есепке алу аспабы бар халық үшін ҚҚС-мен 30 тенге.
  - Суды есепке алу аспабы жоқ халық үшін ҚҚС-мен 40 тенге.

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы  
(БСН 191041027733 24.10.2019 ж.)

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-1 Заңының талаптары және «Достық Жер МК» ЖШС-ның Жарғысы негіздерінде құрылтайшылар бастамасы бойынша «Достық Жер МК» ЖШС қатысушыларын кезектен тыс жалпы жиналысқа шақырамыз.

Жиналыс санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2021 жылдың 14 қыркүйегінде сағат 10.00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, ІІІ Интернационал ауылының клубында өткізіледі.

- Күн тәртібі:**
1. Серіктестіктің 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстары бойынша есепті бекіту.
  2. Серіктестіктің атқарушы орган – директорын 5 жыл мерзімге сайлау.
  3. Директорды сайлау туралы қабылданған тиісті шешім туралы уәкілетті органға хабарлау мәселелері қаралады.

«Достық Жер МК» ЖШС  
БИН: 080240010157

## Жарамсыз деп есептелсін

Жүнісов Ғали Пернебекұлының атына Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан 5547 әскери бөлімінен 02.10.2020 жылы берілген шк он-0224 қызметтік куәлігі және демалыс билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің жұмыс мен Ардагерлер кеңесі Департамент ардагері Мадияров Талапбай Құттыбайұлына анасы **Сәрсенбай Базарбике Қазықызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Лаура АХМЕТОВА, М.Мәмбетова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі КМКК құқық пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі**

Облыстық ішкі саясат басқармасы, «Жастар ресурстық орталығы» және «Ақ сөйле!» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен шығармашы жастар арасында облыстық «Сыр дарыны» жастар шығармашылығы байқауы өтуде.

## Сыр дарыны – сүлейлер сарыны

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы бастамалар мен «Ұлы даланың 7 қыры» атты мақаласындағы басымдықтарды насихаттау арқылы көрініс тапқан шығармашылық байқау талантты жастарды анықтау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Сонымен қатар, дәстүрлі өнер саласындағы жаңа өсімдерді анықтап, бастамаларына қолдау көрсету, жас дарындардың қабілетін шыңдап, насихаттау, Сыр сүлейлерінің шығармашылығын дәріптеу арқылы өнер мектептерінің мәртебесін арттыруға мән берілді.

Осы жылдың маусым-шілде айлары аралығында барлық аудан орталықтары мен Қызылорда қаласында байқаудың іріктеу кезеңдері өткізілді. «Жазба ақындық өнер», «Айтты», «Дәстүрлі ән», «Жыр-терме» бағыттары қамтып, әр айналымнан үздік деп танылғандар облыстық «Сыр дарыны» байқауына жолдама алған болатын.



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

ЖҮСІП ЕШНИЯЗҰЛЫ – 150

## Келте сөздің жүйірігі

Қармақшы ауданы – ежелден өлең мен жырдың ордасы саналған. Сыр бойында Қорқыт атадан жалғасқан жыраулық дәстүр мен Шығыс шайырларының жазба әдебиет үлгісі үндестігінің саңғасырлық үрдісі бар. Ол әсіресе сүлейлер шығармашылығынан анық көрінеді.

Өзгесін айтпағанның өзінде, өткен XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі аралығында бұл өңірде жүзден астам ақын, жырау өмір сүрген. Осы арада айрықша атап көрсетер нәрсе – Сыр бойы ақындары мен жырауларының бәрі дерлік бабаларымыздан мирасқа қалған асыл мұра – қос ішекті қасиетті домбырамен қосыла толғанып, содан төгілген жанды елжіретер әуезден жойқын шабыт алып, нәсерлете жыр төгіпті. Бұл өңірде жыршы-шайырлардың қатары тіпті қалың. Бесіктей баласы да әуезді ән тербетеді, шынашақтай ұлынан шашбаулы қызына дейін жақұт жырды қапелімде шашу етіп шашады. Оған дәлел, Жыраулар мектебі республика бойынша осы өңірде ғана көп жылдан бері тұрақты жұмыс істеп, жыраулық дәстүрлі күні бүгінге дейін жалғастырушы ізбасарлары елге рухани қызмет етіп жатқандығы баршамамызға мәлім.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ақын-жазушыларымыздың шығармалары мен ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен тіліміз, музыкамыз бен жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» деген болатын. Осы орайда, Сыр өңірінде Сыр сүлейлерінің есімі мен шығармашылығын насихаттау жолға қойылған. Биыл жеті атасынан жырау атанған әулеттің белді өкілі Кете Жүсіптің туғанына 150 жыл толып отыр.

Қасиетті он бойында ұстап, әке ісі мен аманатын ұрпаққа жеткізуде еңбек еткен текті жанның бірі – «Сыр шайырларының генералы» атанған Ешнияз сал Жөнелдікұлының баласы, «Жүз жыраудың отаны» Қармақшы өңірінде жыр өнерін жалаулатып, дарындылығымен ел сыйлысы атанған, Сыр сүлейлерінің тағы да бір көрнекті өкілі – осы Кете Жүсіп.

Сыр елінде жырау атанған үш Жүсіп болған. Бірі – Сырдария өңіріндегі Қалы Жүсіп болса, қалған екеуі, яғни Асқар өңірінің тумасы Таубайдың Жүсібі және біздің бүгінгі кейіпкеріміз Кете Жүсіп.

Жүсіп Ешниязұлы бұрынғы Түркістан өлкесіне қарасты болған Сырдария облысы Қазалы уезі Қуандық болысының І-ауылында (қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылында) 1871 жылы дүниеге келген. Жүсіп Ешниязұлы көнеқоз қариялардың айтуынша, бала жасында ауыл молдасынан дінн сауат алған және әкесі Ешнияздың қасына еріп, өлең-жыр айтуға әуес болған. Тіпті, арнауларды да өзі жазып, суырып салма ақындығымен де көптің назарына ілінген. Жас кезінен жыраулық өнерді өміріне серік еткен ол өсе келе жүрегінен шыққан жауһар жыр-

Аламесек болыстығына кірді. Егін шаруашылығын кеңейтіп, Сырдариядан каналдар қазыла бастады. Қараөзек пен Терезөзек ортасындағы үлкен көлдер арқылы егін, бау-бақша егілген. Мал жайылымына ыңғайлы шұрайлы жер болса керек, кейін көлдер тартылып, «Әйтек-көл» атты жерден бастауын алып, арық қазылады.

Жылдан жылға кеңейтіліп, қазылып үлкен каналға айналды, егін көлемі молайды. Сонымен қатар балық шаруашылығы да дамыды. Кезінде бұл канал «Жінішке» деп аталыпты. Соғыс және еңбек ардагері Яхия Тасыров атамыз: «Каналдың жағасына бүкіл Терезөзек, Қараөзек тұрғындары бау-бақша егіп, халық молшылыққа кенелді. Бақшадағы қауын-қарбыздарды адам көтере алмайтын болды», – дейді. Көлдер тартылып, суы азайып Терезөзектен Қызылордаға шығарыста пойыз жол мен Сырдария өзенінің ортасында «Соркөл» атты көл болатын, кейін суы тартылып, ол жермен «Қызылорда-Жалағаш» тас жолы салынды. Көлдің орнына күрші егіліп, мал жайылымына айналды.

Қазақта «Жер аты – бабаның хаты» деген бар, сондықтан, осындай тарихи жерлерді танып-біліп отыру әрбіріміз үшін пайдалы бола бермек.

Әділбек ШОЖЕЕВ,  
Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері



ларын халыққа ұсынып, қолдау табады. Ол шығыс ақындары Фердоуси мен Сайхалиге, әкесі Ешнияз салға, қазақтың данышпан ақыны Абайға, сонымен қатар Балқы Базар, Шегебай Бектасұлы, Қарсақал Ермбет сынды жыр жүйіріктеріне еліктеп, солардың мақамымен өлең-жыр жазған.

Кете Жүсіптің әкесі – Ешнияз сал атанған өнерпаз. Ол – Құрманғазы Сағырбайұлымен достық қатынаста болған, ел билеген адам. Асқан бай болмағанымен, өзіне сай дәулетті, Кетенің Құлысына басылық жасап, өз кезегіндегі ірілуақты оқиғаларға араласып, ел арасындағы дау-жанжалдардың бейбіт жолмен шешілуіне ықпал етіп отырған.

Жүсіп ақынның «Әлеумет келді жиналып» атты толғауы (1898) терең мағыналы, төрт аяғы тең жорға жыр болатын. Міне, осы өлеңнен бастап Жүсіп аты Сыр өлкесіне кеңінен таныла бастайды. Бір өлеңіне бір өлеңі жалғасып, шабыты шарықтай түсіп, Жүсіп атына Кете сөзін қосып, халық «Кете Жүсіп» деп атайтын болған. Мұндай бүкіл бір рудың атын иелену үшін қашанда халық көңілінен шығу, оның сөзін сөйлеп құрметке бөлену міндет. Сондай халықтық атқа ие болған санаулы ақындарының бірі – Кете Жүсіп шағын өлеңдерінен бастап, толғау, дастан, айтты, жұмбақ айтты, көңілқос, арнау өлеңдер шығарған.

Кете Жүсіптің шығармаларының тақырыбы – сан алуан. Ол бірде өмір туралы толғанса, енді бірде жастық шағындағы өмірін өз жырларында суреттейді, тіпті ол жүрегінен жаулап алған Құлдай, Бибі, Ажар, Сәуде мен Махаббат есімді аруларға деген махаббатын өлең арқылы жеткізген. Сонымен қатар, ол айналасында кедей мен бай-манап арасында болып жатқан қарама-қайшылыққа тәзбей, әділдікті ту етіп, халықты адамгершілікке, бірлікке үндеді. Ақынның басқа да тақырыптағы өлең-жырларын халық өте ықыласпен тыңдап, қабылдаған.

Жүсіп Ешниязұлы – өз

өлең-жырларында халықты нағандықтан арлуға, адами қасиетті жанына серік етуге шақырған ақын. Ол «Адамдық пен нағандық» атты өлеңінде:

– Дүниеде кімдер келіп,  
кім кетпеген,  
Табиғат – түбі терең  
көз жетпеген.

Өнерін өмірінің біле тұрып,  
Маңдайын пенде бар ма  
терлетпеген?!  
Бәзбіреу көп ақылы

не болып,  
Ауруын адамдықтың  
емдетпеген,  
Ақылдың ауырлығы  
корғасындай,

Көңілі бұзық іске  
өрлетпеген.  
Тынық бол тыпыршымай,  
есің болса,

Қаңтардың шуағындай  
желдетпеген.  
Ұлықпандай мың жыл  
өмір сүрсе-дағы,

Ақыры өлім кімді  
еніртпеген», –

десе, келесі «Әсиет» атты өлеңінде:

– Көп көтерді –  
бүтін туған,  
Ерлік іс, мүсінбатқа  
белін буган,

Аздырмас ата жолын  
эрқашанда,  
Жоспарлы ізгіліктің  
жолын қуған.

Бір күні бітсе демі –  
сүрінеді,  
Топ жарған тұлпарын да  
азған дудан.

Алғаусыз айтқан сөзін  
көпке ұнаса,  
Секілді көңіл-үйдің  
кірін жуған, –

деп ел-жұртты адамгершілік пен ағайыншылыққа, бірлік пен ынтымаққа шақырады.

Кете Жүсіп – Қармақшы топырағынан шыққан шайырлардың, әсіресе жасы үлкен аға жыраулардың өлең-жырларын жаттап, оны қалың елге насихаттаған ақын.

Сонымен бірге көптеген Сыр шайыры да ақыға арнауын арнаған.

– Баласы Ешнияздың  
Жүсіп ақын,  
Сыр бойы білед  
Жүсіп атын,  
Қалам мен домбыраға  
бірдей еркін,

Жел сөзден жері жоқ еді

қысылатын, – деп Сыр сүлейі Қуаныш Баймағамбетов жоғары бағалаған. Сыр жырының дүлдүлдері өміріне зерттеу жүргізіп, бүгінгі ұрпаққа аманаттауда үлгі көрсеткен Ә.Диваев, Ұ.Аяпов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Қайнарбаев, М.Байділдаев, Т.Дайрабай, А.Қыраубаева, Н.Молияев пен Д.Ертісбаев сынды зерттеушілер ақын шығармасын жарыққа шығаруда көп еңбек сіңірді. Міне, сол әдебиет жаныштарының еселі еңбектерімен Жүсіп Ешниязұлының көптеген өлең-жыры, толғауы мен дастандары 1959 жылғы «Ақындар творчествосы», 1965 жылы «Пернедегі термелер» мен «Айтты» кітабының II томында, сонымен бірге 1979 жылғы «Ақын-жыраулар», 1985 жылғы «Үш ғасыр жырлайды», 2003 жылы «Арыс» бастынынан шыққан «Кете Жүсіп» және 2009 жылы «Сырдария» кітапханасынан шыққан жыр жинағы қалың оқырманға жол тартты.

Дархан даламыздың дарын тұлғасы Кете Жүсіптің шығыс және қазақ халқының салт-дәстүрі мен өміріне арналған «Шахзада», «Зейіп қыз», «Мекер қатын», «Сұрмерген», «Өткен заман», «Барымта» сияқты дастандары тек Қармақшы өңірі халқы ғана емес, бергі жағы қарт Сыр өзені мен Қуандық арнасын, ары жағы Ақтөбе, Орал, Жезқазған мен Шымкент өңірін мекен еткен қалың қазақ жұртына жетті. Сонымен бірге, жыр дүлдүлі елімізде жүргізілген Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халқының өмірін жазған жырларына көптеп қосты.

Кете Жүсіп Ешниязұлы қазақ халқына тек жырау ғана емес, әнші ретінде де танылған. Оның әрбір өлеңі шымыр да шымшы-малы ұйқасымен, тақырыптық ауқымдылығымен, тіпті тарбиелік мәнімен де құнды. Қазақ халқының мәдениетін зерттеуші ғалым Әубәкір Диваевтың 1925 жылы Орынбор қаласындағы баспадан жарыққа шығарған «Қазақтың 1000 әні» атты жыр жинағына ақынның алты әні енгізілген.

Расында да, әке аманатын жалғастырып, өлең жазып, жыр жырлап, ән салған Кете Жүсіп қазақ даласында ерте заманнан келе жатқан айтты өнерінің де дамуына көп еңбек сіңірді. Кете Жүсіп ақын Шәкей сал, Ырысты қыз, Қалыш келіншек, Қалы Жүсіп, Жүзбанияз бен Құлназар, Күзен, Жиенбай, Тұрымбет, Мәкебай баласы Егізбай сынды жыраулармен және Қуаныш Баймағамбетовтей ақынмен айттысып, елде бай мен келдей арасындағы және түрлі тақырыптағы сөз сайыстары бүгінге дейін жетті.

Атадан балаға мирас болып келген осы ұлы өнер жолын Кете Жүсіптің баласы Мұзапар, оның баласы Сабыт жалғастырды.

Жүсіп Ешниязұлы – артына мол мұра, көркем туындылар қалдырған арқалы да ақын ақындардың бірі. Дүлдүлдің атын кейінгі ұрпақ ұмытпақ емес.

Өйткені, оның шығармалары қашанда халықпен бірге.

Баршагүл САХИЕВА,  
аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының экскурсоводы,  
Қармақшы ауданы

## Жер аты – бабаның хаты

1920 жылдары әр жерде отырған малшы-егіншілер артель қарауына кіріп, «Ақтүйе» артели құрады. Мұнда сол жылдан бастап 1929 жылға дейін Емберген Боранбаев ауылнай болып еңбек етіпті.

Сол жылдары байлардың малын мемлекет қарауына өткізу үшін коллективтендіру науқаны жүргізіледі. Табан ет, маңдай терімен жинаған малды үкіметке беру оңай ма? Алайда, большевиктер 1929 жылға дейін байлардың дүниесін тәркілеп болды.

Сол жылдары жарлы-жақсыбайларды біріктіріп, «Ақтүйе» колхозы құрылды. Елде тыныштық орнап, бейбіт еңбектің көркі қызды. Көлдер мен жаптардың арасына егін егіліп, су жетпеген жерлерге арықтар мен каналдар қазылып, диканшылық жұмыстар қызы басталды. Ол кезде техника жоқ, бәрі кетпен-күрекпен атқарылады. Бала-шаға, әйелдер де көп еңбек етті. Әсіресе, ер жігіттердің ішінде орта жасқа келіп қалған Ыбырайдың әкесі Мұратбек жауырынды, ірі адам болыпты. Үш кісінің нормасын орындап «түйе шал» атанса, Асқардың әкесі Сералы ағамыз екі адамның нормасын орындап, «тайық шал» атанады.

1929 жылдан Е.Боранбаев «Ақтүйе» колхозының (қазіргі Асқар ауылы) төрағасы болады. Бұл кезде егін қолдан қазылған «Әйтек» каналының сағасына егілді. Ол зейнетке шыққаннан кейін өмірінің соңына дейін «XVIII партсъезд» колхозының су мұрабы болып еңбек етті.

Ертеректе Терезөзек табанын су басып жатқан. Соған байланысты бұл өлке «Терезөзек» атанды. Өткен ғасырдың басында Терезөзек, о баста «Қараөзек» болып

### АУЫЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

#### Құлақ тісмей

Менің жақсы сыйласатын бір інім бар. Ішкі істер саласында лауазымды қызмет атқарып, абыроймен зейнет демалысына шықты. Әкесі марқұм Арал, Қазалы өңіріне аса сыйлы, танымал адам болатын. Атаның қаны, ананың сүті текке кетсін бе?!

Бірде інім біз досының баласының үйлену тойына барыпты. Асаба да дилар екен. Тілек айту кезегі інімге келгенде асаба мұның сөзге шешен, құақы екенін біліп сүйкене сөйлепті. Інім болса тілегін айтып, сыйлығын тапсырған соң оған бұрылып:

– Сен, өз құлағыңды өзін тістей аласың ба?! Ал, олай жасау менің қолымнан келеді, – депті.

Талай адамдармен араласып, небір оқиғаларды басынан өткерген асаба мұндай ертегіге ене қойсын ба?! Мүмкін еместігін айтып, бәстеседі. Қисынсыз іске мейрамхана толы қонақтар да ду құлыпты.

Сонда әлгі інім аузындағы екі протез тісін суырып алып, сарт еткізіп өзінің құлағын тістете қойыпты. Мұны көрген көпшіліктің күлкісінен тойхана қабырғасы теңселгендей болыпты. Осылайша інім басте үстем түсіпті.

#### Құға тартар

Қазақтың тойы біткен бе?! Бір көкеміз туыстарын бастап, құдалыққа барыпты. Құдаларын

құдайындай сыйлайтын қазақең қонақтарын барын салып күтіпті. Кәде-кәумет тапсыратын кезең де жетеді. Көкеміз «мынау құда тартардың жоралғысы» деп ақшасын ұсынса, ойынқұмар бір құдаша «көлесіне қоса, құданы тартамын» деп өзүреп қоймапты. Әрі-бері «кәдесін алып, қоя сал» десе, көнбепті.

Болмаған соң көкеміз жата қалып «мені тарт» деп аяғын ұсыныпты. Ақсақалдың сирағынан шап беріп ұстай алған құдаша бар күшімен сілкіп қалғанда, көкеміздің аяғы тізесінен жұдылып кетіп, қолында қалады. Шошынғаннан шалқасынан түскен құдаша аяқты лақтырып жіберіп, еңбектей қашады.



«Бақса бақа екен» демекші, көкеміздің бір аяғы тізесінен жоқ, протез екен. Құдашаның қылығын жақтырмаған ақсақал ешкімге білдірмей протез аяғының бекітпе бұрандасын босатып қойса керек. Әлгі құдаша сонан кейін құда тартамын деп таласпайтын болыпты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
«Сыр бойы»